

"Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін бекіту туралы" Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 8 мамырдағы N 225 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы № 2 Қаулысы. Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 ақпанда 95 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 12 қаңтардағы № 3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2012.01.12 № 3 Қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Т. Рысқұлов аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін бекіту туралы» Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 08 мамырдағы № 225 Қаулысына (Нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6-8-82 болып тіркелген 2009 жылдың 24 маусымындағы «Құлан таңы» аудандық газетінде жарияланған) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулысының атауында «бекіту» деген сөз «айқындау» деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен айқындалған әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібінде 2, 3, 4 және 6 тармақтары алынып тасталсын;

5 тармағында «өтініш» деген сөз «ұсыныс» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Райжан Іңкәрбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Нұралиев